

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

20.02.2026 жыл

Төраға: директордың уақытша міндетін атқарушы Уаканов Биржан
Жанбекович

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы 2026 жылғы 3 қаңтардағы № 252-VIII Қазақстан Республикасының Заңы;

Баяндамашы: заңгер Даутов Дидар Алимханович

ШЖҚ «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның заңгері Даутов Дидар Алимханович, Сарқан аудандық орталық ауруханасының дәрігер қызметкерлеріне Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы бойынша 2026 жылғы 3 қаңтардағы № 252-VIII Қазақстан Республикасының Заңының түсіндіру жұмысын ұйымдастырып, дәріс өткізді.

2026 жылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойылғаны туралы денсаулық сақтау бірінші вице-министрімен хабарланды. Аталған Заң медициналық қызметкерлерге қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету фактілері үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне медициналық қызметкерге, сондай-ақ жедел медициналық жәрдем көлік құралының жүргізушісіне қызметтік міндеттерін атқару кезінде қорқыту және (немесе) күш қолдану фактілері үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бастап айыппұл салу не 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру

түріндегі қылмыстық жауаптылықты белгілейтін толықтырулар енгізу көзделген.

Заң мәтіні:

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

мынадай мазмұндағы 380-3-баппен толықтырылсын:

"380-3-бап. Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе күш қолдану

1. Медицина қызметкерінің немесе жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушісінің өз қызметтік немесе кәсіптік міндеттерін орындауы кезінде немесе орындауына байланысты не оларды орындағаны үшін кек алу мақсатында оларға қатысты күш қолдану қатерін төндіру –

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, **не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, мынадай:

- 1) екі және одан көп адамға қатысты;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) бірнеше рет;
- 4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;
- 5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты және себептер бойынша олардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану –

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, **не екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, мынадай:

- 1) екі және одан көп адамға қатысты;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) бірнеше рет;
- 4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;
- 5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты және себептер бойынша олардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану –

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, мынадай:

- 1) екі немесе одан көп адамға қатысты;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) бірнеше рет;
- 4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;
- 5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 187-баптың екінші бөлігі "380-2" деген цифрлардан кейін ", 380-3 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 191-баптың екінші бөлігі "379" деген цифрлардан кейін ", 380-3 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстанда 2026 жылы 1 АЕК (айлық есептік көрсеткіш.) 4 325 теңгені құрайды.

2026 бойынша: 200 АЕК- 865000 теңге, 500 АЕК болса - 2 162 500 теңгені құрайды, 1000 АЕК – 4 325 000 теңге.

Қауіп-қатерлер мен құқыққа қарсы әрекеттер туындаған жағдайда, құқықтарын қорғау мәселелері бойынша медициналық қызметкерлер құқық қорғау органдарына жүгінеді және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді; Медициналық қызметкерге қауіп-қатер мен құқыққа қарсы әрекеттер туындаған жағдайда, 102 нөміріне дереу қоңырау шалу қажет, қоңырау шалуды жәбірленуші немесе оқиғаға куә болған тұлғалар жүзеге асыра алады.

Төраға: _____ Уаканов Биржан Жанбекович

Заңгер: _____ Даутов Дидар Алимханович

Таныскандар тізімі:

№	А.Ж.Т	Лауазымы	Қолы
1	Домовиков К.И.	мен.	[Signature]
2	Ишмаева Ш.Н.	психолог	[Signature]
3	Жайман д.т	Терапевт	[Signature]
4	Мусабаева А.Б.	зидиршілор	[Signature]
5	Джусубов А.С.	Доктор	[Signature]
6	Резикан Родриго	специалист	[Signature]
7	Кедров А.А.	медицинский	[Signature]
8	Баранова А.П.	ассистент	[Signature]
9	Витков Д.Э	СТОМ	[Signature]
10	Сымаев И.М.	мен.	[Signature]
11	Туркенов Т.Е.	врач	[Signature]
12	Алжанов Е.И.	ассистент	[Signature]
13	Жармаганбетов Т.А.	гистолог	[Signature]
14	Самалбаев Е.	ВОИ	[Signature]
15	Канайбергалиев И.И.	невропатолог	[Signature]
16	Бердиев И.А.	ассистент	[Signature]
17	Домовиков К.И.	психолог	[Signature]
18	Дуняева Т.А.	род. врач	[Signature]
19	Жармаганбетов Т.А.	ВОИ врач	[Signature]
20	Султанов Т.Т.	Сурдолог	[Signature]
21	Ишмаева Ш.Н.	ассистент	[Signature]
22	Касымов Р.Н.	мен.	[Signature]
23	Жерминова Г.А.	педиатр	[Signature]
24	Шимкубаев А.А.	педиатр	[Signature]
25	Григорьев Р.Н.	ак. мен.	[Signature]
26	Арапов М.М.	неонатолог	[Signature]
27	Мухамедов И.	Невролог	[Signature]
28	Калимуллина Ж.Ж.	род. врач	[Signature]
29	Кубанова М.Р.	педиатр	[Signature]
30	Бадуров Г.И.	Терапевт	[Signature]
31	Мухамедов Т.А.	род. врач	[Signature]
32	Кусенов А.М.	врач	[Signature]
33	Жолдасбеков С.А.	врач з.о.п.	[Signature]
34	Канайбергалиев А.С.	Зав. Психиатрии	[Signature]
35	Майкышев А.И.	инфекционист	[Signature]
36	Бегалиев Р.Н.	невропатолог	[Signature]
37	Айтибаева А.Г.	ВОИ	[Signature]
38	Калимуллина Ж.Ж.	терапевт	[Signature]
39	Баймолдин Д.А.	мен.	[Signature]
40	Жаншиев А.А.	врач з.о.п.	[Signature]